

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

«Қызылорда ашық университетінің хабаршысы» ғылыми журналының редакциясы қазақ және орыс тілдерінде, журналдың тақырыбына сәйкес келетін, бұрын жарияланбаған ғана авторлық материалдарды–ғылыми (практикалық) мақалаларды, шолуларды (шолума қалаларын) қарайды.

Мақалаларды тәуелсіз рецензенттер-ғалымдар немесе мақаланың тақырыбына жақын ғылыми мамандығы бар мамандар міндетті түрде қарауға тиіс. Рецензиялау нәтижелері бойынша мақала авторға пысықтау үшін жіберілуі мүмкін. Редакцияның мақаланың соңғы нұсқасын алған күні, мақаланың келіп түскен күні болып есептеледі. Редакция мәтінге, мақаланың мағынасын бұрмаламайтын, редакторлық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Журналдың бір номерінде автор, ең көп дегенде, екі мақала жариялай алады, соның ішінде бірлескен авторлық.

Мақаланы ресімдеу ережесі:

1. **ҒТАМР коды** бірінші беттің жоғарғы сол жақ бұрышына қойылады, қаріп - қалың, қаріп өлшемі - 12.

2. **ӘОЖ номері** әмбебапандық классификацияға қатаң сәйкес келеді (туралау– сол жақ шеті бойынша, МРНТИден кейін, қаріп - қалың, қаріп өлшемі - 12). Кітапхананың библио-графынан нақтылау керек немесе ӘОЖКлассификатор сайтында табу керек.

3. **Мақаланың атауы** қалың қаріппен бас әріптермен, жолдың ортасына тураланады(12- қаріп).

4. **Авторлар туралы ақпарат** аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі және автор(лар) атағы, электрондық поштасы, ортаға (11-шрифт) теңестіріледі, әрі қарай, интервалдан кейін ұйымның толық атауы (жұмыс орны), қаласы, елі көрсетіледі (егер авторлар әртүрлі ұйымдарда жұмыс істесе, автордың тегінің жанына бірдей белгі қою қажет және тиісті ұйым) (ортаға туралау, курсив, 11-қаріп).

5. **Андатпа** авторлар туралы ақпараттан, бір интервалдан кейін, мақала құрылымын сақтай отырып, 100-200 сөз (11 - қаріп).

6. **Түйінді сөздер** интервалсыз аннотациядан кейін, 5-7сөз/сөз тіркестері(11-қаріп).

7. Негізгі бөлім

Негізгі бөлімде абзацтан қалың қаріппен жазылған құрылымдық бөліктер бар.

- **Кіріспе**-негізгі мәтін, интервал арқылы кілт сөздерден кейін (12-қаріп).
- **Зерттеу материалдары мен әдістері** кіріспеден кейін интервалсыз (12-қаріп).

Кестелер, суреттер айтылғаннан кейін орналастырылуы керек. Әр кестенің алдында және әр суреттен кейін жазу болуы керек (11 - қаріп). Кестелер мен суреттерді нөмірленуі бөлек, өтпелі түрде жүргізіледі. Суреттер анық, таза, сканерленбеген болуы керек.

Мақаладағы барлық формулалар MicrosoftOffice формула редакторының көмегімен терілуі керек, негізгі мәтіннің қаріп өлшемінен аспайтын бірыңғай форматта жолдың ортасына орналастырылуы керек. Мәтін бойынша сілтемелер бар формулалар

ғана нөмірленеді.

Мәтінде сілтемелер төртбұрышты жақшада көрсетіледі. Сілтемелер мәтіндегі сілтемеретімен қатаң нөмірленуі керек ([1], [2] және т.б.). Мақаланың негізгі мәтініндегі кітапқа сілтеме пайдаланылған беттерді көрсетумен бірге жүруі керек (мысалы, [1, 45 бет]). Жарияланбаған жұмыстарға сілтеме жасауға жол берілмейді.

- **Нәтижелер және оларды талқылау**

- **Қорытынды**

8. **Әдебиеттері** қорытындыдан кейін (негізгі бөлімінен кейін) интервал арқылы (11қаріп). Әдебиеттер тізімі ГОСТ Р. 7.1 – 2003 "Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері", ГОСТР.7.0.100–2018 (2018жылғы 03 желтоқсандағы өзгеріс пен толықтырумен) "Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыруережелері"сәйкес ресімделеді.